

Құмсай ауылының көшесіне атау беру туралы

Ақтөбе облысы Алға ауданы Қарақобда ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 26 қазандағы № 4 шешімі. Ақтөбе облысының Алға аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 16 қарашада № 3-3-94 тіркелді

Ескерту. Шешімнің деректемелерінде және бүкіл мәтіні бойынша "селолық" сөзі " ауылдық" сөзімен ауыстырылды - Ақтөбе облысы Алға ауданы Қарақобда ауылдық округі әкімінің 29.12.2016 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8-желтоқсандағы № 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4 тармақшасына, сондай-ақ Қарақобда ауылдық округі елді мекені Құмсай ауылы тұрғындары өкілдерінің жиын конференциясына сәйкес **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облысы Алға ауданы Қарақобда ауылдық округі әкімінің 29.12.2016 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Қарақобда ауылдық округі Құмсай ауылының көшесіне "Достық" атауы берілсін.
2. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарақобда ауылдық округінің әкімі

С. Құрмансентов